

Ермұхамет Маралбек

философия докторы (PhD), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-5954-8689 E-mail: elahau@mail.ru

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫНЫҢ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі Телжан Шонанұлының XX ғасыр басындағы латынграфикалы қазақ әліпбиінің ғылыми және қоғамдық-әлеуметтік мәселелері туралы еңбектері талданады. Ғалымның 1924-1930 жылдар аралығында жарық көрген әліпби туралы 20-дан аса ғылыми-публицистикалық мақалалары мен баяндамалары дереккөз ретінде алынды. Мақала екі бөліктен тұрады: бірінші бөлігінде латын әліпбиіне көшу мәселесінің алғаш көтерілген кезеңінен бастап, біртіндеп дамуы, таралуы, күш алуы және жүзеге асуына дейінгі барлық кезеңдердің динамикасы, атқарылған жұмыстар және оның ғылыми-танымдық негіздемелері туралы толыққанды талдаулар, ақпараттар беріледі; екінші бөлігінде Қазақстан мен Кеңес Одағы аумағында, Одақтан тыс елдердегі латын әліпбиіне көшу үдерісі туралы маңызды мәселелер де талданып, бүгінгі күн үшін қажетті ақпараттар екшеліп, оқырманға ұсынылды. XX ғасыр басындағы латынграфикалы қазақ әліпбиі кезеңіндегі тілтанымдық және қоғамдық-әлеуметтік мәселелер бүгін үшін де маңызды, әсіресе қазіргі әліпби реформасы үшін өзектілігі мен берер тәжірибесі мол. Сондықтан әліпби таңдаудың лингвистикалық шарттары, жүзеге асыру тәжірибесі, қоғамдық-әлеуметтік және саяси мәселелерді шешу әдістері мақала мазмұнын құрайды. Зерттеу нәтижесінде XX ғасыр басындағы латынграфикалы қазақ әліпбиінің күн тәртібіне қойылу себептері дәуір тынысы, тіл тағдыры тұрғысынан сараланып, Телжан Шонанұлының бұл тілтанымдық үдерістегі орны мен үлесіне баға беріледі. Мақала қазақ тіл білімінің, қазақ жазуы мен әліпбиінің тарихын зерттеушілерге, XX ғасыр басындағы латынграфикалы жаңа әліпбиі қозғалысы туралы ақпарат алғысы келетін оқырмандарға арналған. Мақала осы журналдың 2024 жылғы 3-номерінде жарияланған «Телжан Шонанұлының қазақ жазуы туралы ғылыми танымы» атты зерттеудің жалғасы ретінде жарияланды.

Тірек сөздер: Телжан Шонанұлы; Ахмет Байтұрсынұлы; қазақ әліпбиі; қазақ-латын әліпбиі; латын әліпбиіне көшу

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Маралбек Е. Телжан Шонанұлының XX ғасыр басындағы латынграфикалы қазақ әліпбиі туралы тұжырымдары. *Tiltanyim*, 2025. №1 (97). 79-91-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-79-91>

Ермұхамет Маралбек

доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-5954-8689 E-mail: elahau@mail.ru

РАССУЖДЕНИЯ ТЕЛЖАНА ШОНАНУЛЫ О КАЗАХСКОМ АЛФАВИТЕ НАЧАЛА XX ВЕКА НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ

Аннотация. В статье анализируются труды выдающегося деятеля казахского языкознания начала XX века Телжана Шонанулы о казахском алфавите на основе латинской графики. В качестве источников взяты более 20 научно-публицистических статей и докладов ученого о латинском алфавите, изданных в период с 1924 по 1930 годы. Статья состоит из двух частей: в первой части дается исчерпывающий анализ, информация о динамике всех этапов, от первого поднятия вопроса перехода на латинский алфавит до постепенного развития, распространения, обретения силы и реализации, о проделанной работе и ее научно-познавательных обоснованиях; во второй части – о переходе на латинский алфавит на территории Казахстана и Советского Союза, в странах за пределами Союза, также были проанализированы важные вопросы процесса, представлена информация, необходимая на сегодняшний день. Языковые и общественно-социальные проблемы казахского алфавита начала XX века на основе латинской графики важны и сегодня, особенно для современной реформы алфавита. Поэтому лингвистические условия выбора алфавита, опыт реализации, методы решения общественно-социальных и политических проблем составляют содержание статьи. В результате исследования проанализированы причины включения казахско-латинского алфавита в повестку дня начала XX века с точки зрения эпохи, судьбы языка и дана оценка роли и месту Телжана Шонанулы в этом языковом процессе. Статья предназначена для исследователей истории казахского языкознания, казахского письма и алфавита, читателей, желающих получить информацию о ходе развития латинского алфавита начала XX века. Статья является продолжением исследования «Научное познание Телжана Шонанулы о казахской письменности», опубликованного

в 3 номере данного журнала за 2024 год.

Ключевые слова: Тельжан Шонанулы; Ахмет Байтұрсынұлы; казахский алфавит; казахско-латинский алфавит; переход на латинский алфавит

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования №BR21882227 «Лингвистические средства и разработки модернизации языкового сознания в контексте нового Казахстана».

Для цитирования: Маралбек Е. Рассуждения Тельжана Шонанулы о казахском алфавите начала XX века на основе латинской графики. *Tiltany*, 2025. №1 (97). С. 79-91. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-79-91>

Yermukhamet Maralbek

Doctor of Philosophy (PhD), A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5954-8689 E-mail: elahau@mail.ru

THE CONCLUSIONS OF TELZHAN SHONANULY ABOUT THE KAZAKH ALPHABET OF THE XX CENTURY BASED ON LATIN GRAPHICS

Abstract. The article analyzes the works of the outstanding figure of Kazakh linguistics of the early twentieth century Telzhan Shonanuly on the Kazakh alphabet based on Latin graphics. More than 20 scientific and journalistic articles and reports of the scientist on the Latin alphabet, published in the period from 1924 to 1930. The article consists of two parts: the first part provides an exhaustive analysis, information on the dynamics of all stages, from the first raising of the issue of transition to the Latin alphabet to the gradual development, dissemination, gaining strength and implementation, on the work done and its scientific and cognitive justifications; the second part – on the transition to the Latin alphabet in Kazakhstan and the Soviet Union, in countries outside the Union, important issues of the process were also analyzed, and information necessary for today was provided. Linguistic and public social problems of the Kazakh-Latin alphabet period of the early twentieth century are still important today, especially for the modern alphabet reform. Therefore, the linguistic conditions for choosing the alphabet, the experience of implementation, methods of solving public social and political problems constitute the content of the article. As a result of the study, the reasons for the inclusion of the Kazakh-Latin alphabet in the agenda of the early twentieth century will be analyzed from the point of view of the breath of the epoch, the fate of the language and an assessment of the role and place of Telzhan Shonanuly in this linguistic process will be given. The article is intended for researchers of the history of Kazakh linguistics, Kazakh writing and alphabet, readers wishing to obtain information about the development of the Latin alphabet at the beginning of the XX century. The article is a continuation of the study “Telzhan Shonanuly’s Scientific Approach to the Kazakh Writing”, published in issue 3 of this journal for 2024.

Keywords: Telzhan Shonanuly; Akhmet Baitursynuly; Kazakh alphabet; Kazakh-Latin alphabet; transition to the Latin alphabet

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the No. BR21882227 “Linguistic tools and developments of reconstructing the linguistic conscious in the context of the new Kazakhstan”.

For citation: Maralbek, Ye. The Conclusions of Telzhan Shonanuly about the Kazakh Alphabet of the XX Century Based on Latin Graphics. *Tiltany*, 2025. №1 (97). P. 79-91. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-79-91>

Кіріспе

XX ғасыр басында қазақ тіл білімі ғылым ретінде қалыптасқаны белгілі. Бұл кезеңде әлемде құрылымдық лингвистика жетекші орынға шығып, тіл біртұтас құрылым, жекелеген бірліктердің тұтасқан жүйесі ретінде қарастырылды. Қазақ тіл білімі де осы бағытта дамып, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ лингвистері қазақ тілі құрылымдық жүйесіндегі грамматикалық, морфологиялық заңдылықтар мен бірліктердің қасиетін, айырым белгілерін анықтаумен ерекшеленді. Сондай-ақ қаріптен дыбысты бөліп алып, әр дыбыстың фонологиялық қасиетіне сәйкес графикалық формасын дұрыс берумен айналысты. XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімі аталған құрылымдық мәселелермен қатар, өзге де бірнеше бағыт бойынша өрістеп дамыды. Солардың бірі – әліпби, графика мәселесі.

Адамзат өркениетті қоғамға аяқ басқан сайын таңбалар мен визуалды коммуникацияның рөлі артады. Осыған орай қоғам дамуы мен әлеуметтік қарым-қатынаста жазудың рөлі артты. Бұл өз кезегінде жазудың нақтылық, дәлдік, анықтық, жылдамдық талаптарын тудырды. Сондықтан бұған дейін дауыссыз дыбыстық (консонантты) жазу жүйесі саналатын ескі арабграфикалы қадім, жәдит жазуларына жүйелі реформа қажеттілігі артты. Мұны түркі жазу тарихында Ахмет Байтұрсынұлы алғаш аңғарып, қазақ жазуын дауысты дыбыстық (вокалды) жазу жүйесіне

ауыстырды. Нәтижесінде қазақ ұлттық жазуы мен әліпбиін қалыптастырды. Ал өзге түркі халықтары мұны әуелден-ақ білген күнде де, дауыссыздарды таңбалауға негізделген арабграфикалы жазудың ауыртпалығын еңсерудің тиімді жолын, ұлттық үлгісін таба алмады, Байтұрсынұлының үлгісі болғанымен де, бұл тәжірибені жүзеге асыра алмады. Сондықтан мұның шешімін араб әліпбиін тастап, латын әліпбиін алу деп түсінді. Сол себепті османлы дәуірінен бері, тіпті одан да бұрын, ескі араб-парсы жазу жүйесіне мықтап байланған әзербайжандар латын әліпбиіне көшу мәселесін 1922 жылы алғаш көтерді. Бұл идея жылдам таралып, 1924 жылдан бастап қазақ басылымдарында да сөз бола бастады. 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде ол ресми түрде ортаға қойылды. Дегенмен, буыны қатайып үлгерген қазақ ұлттық жазуы мен Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы сынды тегеурінді, аса талантты қазақ ғалымдарының беделі мен дәйегі бұл идеяның еңсесін жылдам басты.

Өзге түркі елдеріндегі латын әліпбиіне көшу қозғалысының мәні мен Қазақстанның латын әліпбиіне көшуінің мәнінде принципті айырмашылықтар бар. Ол айырмашылық, жоғарыда айтқанымыздай, дауыссыз дыбыстық жүйедегі арабграфикалы ескі қадім, жәдит жазуын ұлттық сипатта реформалай алу-алмауында. Осы тұрғыдан келгенде, өзге түркі халықтарының латын әліпбиіне көшуінің тілтанымдық негізі басымдау болды. Ал Қазақстандағы латын әліпбиіне көшу бастамасы оларға қарағанда дүрмекке ілесу, болашақты мерзімінен бұрын ойлау сипатында болды. Міне, осындай тарихи-тілдік жағдайда қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мақсаты жолында құлшынып жұмыс жасаған бір топ қазақ зиялылары пайда болды. Солардың бірі және жаңа әліпбишілердің басты ғылыми әлеуеті – Телжан Шонанұлы.

1928-1929 жылдары «Байтұрсынұлы әліпбиі» қолданыстан шығарылған соң, жаңа қазақ-латын әліпбиі енгізілді. Бұл үдерісте Телжан Шонанұлы өте үлкен рөл атқарды. ҚазАКСР-де құрылған «Орталық жаңа әліпби комитетінің» хатшысы ретінде О. Жандосовпен (төраға) бірге латын әліпбиіне көшу жұмыстарымен белсене айналысты және оның ғылыми негізін дайындайтын жетекші ғалымға айналды. Телжан Шонанұлы Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі ретінде, ғалым тілтанымындағы басты бағыттардың бірі – қазақ-латын әліпбиінің күрделі мәселелерін шешумен айналысты. Мұның теориялық мазмұны мен мәнін анықтау – өзекті міндеттердің бірі.

Материал және әдістер

Телжан Шонанұлының латын әліпби туралы еңбектері қазақ жазуының жаңа бір тарихи дәуірін, оның басталуы мен аяқталу кезеңін толық қамтиды әрі жан-жақты сипаттайды. Зерттеу мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді толық, сапалы орындау үшін, толық материалдық дереккөздер негізінде жүргізілген жан-жақты талдау, кешенді ғылыми зерттеу қажет. Сондықтан, ең әуелі, Қазақстан мен шетелдік кітапханалардан, архивтерден ғылыми еңбектер жинақталды. Атап айтқанда, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық ғылыми кітапханасы, РФ-ның В.И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасы, Ә.Науаи атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасы, РФ-ның Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік мұрағаты, Н.К. Крупская атындағы Орынбор облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан «Еңбекші қазақ» газетінің барлық нөмірлері қаралып, Телжан Шонанұлының еңбектері жинақталды, мұрағаттық зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде Шонанұлының латын әліпбиі туралы 20-дан аса ғылыми-публицистикалық мақаласы жинақталып, зерттеудің қомақты материалдық базасы дайындалды.

Зерттеу кезеңінде Телжан Шонанұлы еңбектері тақырыптық топтарға жіктеле келіп, материалдарға бірнеше бағытта және бірнеше әдіс-тәсілдерді қатар қолдана отырып талдау жүргізіледі. Бірінші кезекте *жүйелеу, топтастыру* тәсілдері қолданылады. «Қазақ-латын әліпбиін» «Байтұрсынұлы әліпбиінен» бөле қарастыруға болмайды, таңба бөлек болғанымен, тіл негізі бір. Сондықтан *тарихи-салыстырмалы әдіс, құрылымдық әдіс* арқылы Телжан Шонанұлы мен А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының әліпби тақырыбындағы еңбектері салыстырыла зерттелді. Телжан Шонанұлының латын әліпби туралы еңбектері қазақ лингвистикасының бір дәуірін, қазақ тілі дамуының бір тарихи кезеңін көрсететіндіктен, осы кезеңдегі тілдік материалдарын талдау үшін *сипаттамалы әдіс* қолданылады. Зерттеу нәтижесінде XX ғасыр басындағы қазақ-латын әліпбиінің даму динамикасы, тілдік және қоғамдық-әлеуметтік себептері анықталып, қорытынды тұжырымдар шығарылды, Телжан Шонанұлының қазақ жазуы

тарихындағы орны мен үлесі анықталды.

Әдебиетке шолу

Телжан Шонанұлының еңбектері Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері там-тұмдап зерттеле бастағанымен, көбінде әдістеме тұрғысынан қарастырылып келді. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде ғалым әдіскерлік қырынан ғана көбірек танылады. Шонанұлы – қазақ тіл білімінде Ахмет Байтұрсынұлы ашқан теориялық тұжырымдар мен өзі дамытқан ғылым мазмұнын білімге айналдырып, оны қазақ балаларына терең, жылдам меңгертуге үлес қосқан ғалым. Сондықтан ғалымның әдіскерлігін теориялық дайындығынан бөле қарауға болмайды. Шонанұлы қазақ лингвистикасының көптеген теориялық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді. Ол үңілген тіл білімі бағыттары бойынша жан-жақты зерттеулердің аздығы ғалымның ғылыми-теориялық деңгейдегі еңбектерінің жоқтығынан емес, олардың төте жазу мен қазақ-латын жазуынан кирил-қазақ жазуына әлі толық аударылмай, ғылыми айналымға енгендігінен. Телжан Шонанұлының ғылыми-тілтанымдық мұрасының оқырмандар мен зерттеушілерге жетуіне көп үлес қосқан ғалымдардың қатарында ф.ғ.к. А.Мектеп-тегін айрықша атауға болады (Мектеп-тегі, 2017). Одан кейін 2015 жылы ф.ғ.д. О.Жұбаеваның құрастыруымен 5 томдық шығармалар жинағы жарық көрді (Шонанұлы, 2015). Бұл Телжан мұрасына сусаған оқырмандар үшін үлкен көмек болды.

Десе де, ресми деректерге сүйенсек, 40-қа жуық оқулық пен аударма еңбек, ғылыми-танымдық оқыту бағдарламасы, сондай-ақ 100-ге таяу ғылыми-теориялық, әдістемелік, публицистикалық мақалалар мен өмірбаяндық очерктер жазған телегей-теңіз Телжан еңбектерінің қазір бізге бір бөлігі ғана белгілі. Біз бұл мақалада Шонанұлының латын-қазақ әліпбиі жайлы еңбектерін жеке зерттеу нысаны етіп алдық. Мақсатқа жету үшін XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдардан латын әліпбиі тақырыбында жазылған, 1924-1930 жылдарға тиесілі ғалымның 20-дан аса ғылыми-публицистикалық мақалаларын жинақтадық. Бұл еңбектердің басым бөлігі «Еңбекші қазақ» газетінде «төте жазумен» жарияланған. 1929 жылдан кейін жарық көрген кейбір еңбектері қазақ-латын жазуымен жарық көрген. Олар туралы толық деректер мақала соңында әдебиеттер тізімінде берілді. Біз бұл еңбектерді түпнұсқа күйінде пайдаланып, зерттеу жүргіздік.

Телжан Шонанұлының қазақ жазуы, әліпбиі туралы ғылыми тұжырымдарын толық түсіну және оны оқырмандарға түсіндіру үшін Шонанұлына дейін бұл тақырыпта зерттеулер жүргізген А.Байтұрсынұлы (Байтұрсынұлы, 2023) мен Е.Омарұлының да еңбектері (Омарұлы, 2018), Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі материалдары (ҚБТС, 1925) зерттеуіміздің ғылыми-теориялық негізі болды. Сондай-ақ Шонанұлының әліпбиі тақырыбындағы еңбектерінің мазмұны мен ғылыми мәнін бүгінгі ғылым деңгейінде бағамдау үшін осы тақырыптағы қазіргі негізгі еңбектер, атап айтқанда, Р.Сыздық (Сыздықова, 2000), Қ.Күдерина (Күдерина, 2013), Н.Әміржанова (Әміржанова, 2013), Е.Маралбектің (2024) еңбектері ғылыми дереккөз ретінде алынды.

Нәтижелер және талқылау

Телжан Шонанұлы көп айналысқан тіл білімі тақырыптарының бірі – әліпбиі мәселесі. Бұл тақырыптағы алғашқы еңбектер қатарындағы «Латын әліппесі туралы»¹ мақаласында латын әліпбиіне көшу идеясын дәріптеп, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ латын әліпбиіне көшуді жақтайтын қазақ зиялыларын да соған шақырады. Ғалым мақалада латын әліпбиіне көшу идеясының таралу кеңістігі туралы былай дейді: «Жалғыз қазақ емес, бүтін араб әліппесін қолданып жүрген елдер арасында латын әліппесіне көшеміз деген ағым бары белгілі. Бұл ой тек Кеңестер Одағындағы түріктердің ғана, мағолдардың ғана арасында емес, Одақ сыртындағы түріктер мен мұсылман елдерінің арасында да бар» (Шонанұлы, 1926: 4). Бұл факті бізге латын әліпбиіне көшу қозғалысы саяси құйтұрқылық қана емес, зиялы қауым мен қайраткерлердің саналы бастамасы екенін де көрсетеді.

Ғалым «Ескі әліппе, жаңа әліппе мәселесі» (Шонанұлы, 1926: 4) мақаласында латын әліпбиін түркі тілдерінің дыбыстарын таңбалауға ыңғайлау мәселесі бойынша Ресей Ғылым академиясы, антропология-этнография музейінде өткен мәжілістің күн тәртібі туралы баяндайды. Мәжілісте А.Н.Самойлович Әзербайжан мен Жақұттардың латын әліпбиін өз тілдеріне бейімдеп алу

¹ Телжан Шонанұлы барлық мақалаларында әліпбиі сөзін «әліппе» деп қолданады. Сондықтан мақалаларындағы «әліппе» сөзін әліпбиі деп түсіну қажет.

тәжірибесі тақырыбында баяндама жасайды. Ғалым араб әліпбиінің болашағы туралы: «Араб әліппесі түрік тілінің дыбыстарын дұрыс таңбалай алмайтындығына орыс ғылымы әлдеқашан қол қойған. Араб әліппесін дін ғана сақтатпаса, басқа себеп жоқ, басқа себеп болуға мүмкін де емес», – дейді (Шонанұлы, 1926: 4). Бұдан әрі латын әліпбиіне көшудің себептері және оны жүзеге асыру принциптері туралы ұстанымдарын баяндайды. Мақалада ғалым латын әліпбиіне көшудің негізгі себебін, оның әлемде әлі көпке шейін көш бастайтынымен, Еуропа мәдениетінің әліппесі болуы және ел дамуына бұл әліпбидің тигізер ықпалы зор екендігімен түсіндіреді (Шонанұлы, 1926: 4). Сондай-ақ латын әліпбиіне көшуде төмендегідей бірнеше принципті мәселелерге назар аудару керектігін айтады:

- «1. Түрік дыбыстарын тегіс таңбалау үшін ғана бірер жаңа әріп қосу;
2. Латын әріптерінің кейбірін Еуропа жұрты да, түркі халықтары да әртүрлі дыбыстайтынына назар аударуды;
3. Түркі халықтары бірін-бірі еркін оқып, түсіне алуы үшін өзгерткен қаріптер аз және әліпбидің біреу болу;
4. Латын әліпбиінде қаріптер қандай дыбысты таңбаласа, түркі тілдерінде де сондай дыбысқа ие болу» (Шонанұлы, 1926: 4).

Ғалым ортақ түркі әліпбиін қолдайды. Біздің ойымызша қаріптер мен оның дыбыстық мәнін түпнұсқадан алыстатпау ұстанымы өте маңызды. Осымен байланысты біз қазіргі таңда латын әліпбиіне неліктен көшетінімізді жете түсініп, мұқият анықтап алып, содан кейін мақсатымызға сәйкес әліпби таңдауымыз қажет.

«Жаңа әліппе мен ескі әліппе жайында» (Шонанұлы, 1926: 4) мақаласы араб әліпбиінің кемшілігі мен латын әліпбиінің артықшылығын негіздеу арқылы, оның руханиятқа, тілге, тіршілікке (денсаулыққа) тигізер жағымды әсерін ұғындыруға арналған. Мақалада жаңа тұжырымдар, ескеруге тұратын ұсыныстар, иланымды дәйектер бар. Ғалым әліпби таңдаудың басты өлшемі туралы былай дейді: «Қазақша әліппе мен латын әліппесінің қайсысын қолдану үйлесімділігін сөз қылғанда, істі екі жағынан қарастыру керек: 1) бұл әліпбилердің қарпі ел тіліндегі дыбыстарын таңбалауға қандай жарамдылығы; 2) қайсысының басуға, жазуға артықшылығы». Бұл, бір қарағанда, белгілі, әркім-ақ әр жерде айтып жүрген тұжырым сияқты көрінгенімен, әрі қарай мәнін тарата келіп, жаңа, дәйекті тұжырымдар айтады: «Шығыс елдерінің, әсіресе, түрік халықтарының тілін зерттеген адам амалсыз бір зор кедергіге соғады. Ол кедергі – араб әрпімен жазылған сөздер айтылуының дұдамалдығы. Араб әліппесін қандай құбылтып, жаңартса та, жамаса да, өзгертсе де, сол дұдамалдық әлі жойылған жоқ» (Шонанұлы, 1926: 4). Ғалым мұнда текстологиялық қиындықты, оның салдарынан туындайтын ғылымдағы шатасу мен бұрмалау, ағаттықтар туралы айтып отыр. Арабграфикалы ескі қолжазба мәтіндерді түпнұсқадан оқып, зерттеп жүрген маман ретінде біз де бұған қосыламыз. Жазба мұраларды танудағы ағаттықтар, тарих жүзіндегі үлкен адасуға жол ашып, бітпес дау-дамайға мұрындық болады, бұл ғылым жолын ауырлатып, ақиқатты тұғырдан тайдырады. Әр дәуірдің жазу ережесі өзгергенде, араб сөздерін оқу қиындайтын араб әліпбиінің бұл – зор кемшілігі.

Ғалым ғылыми дәйектерін одан сайын кеңейтіп, әліпбидің тіл болмысы мен тағдырына және адам денсаулығына қатысын баяндайды: «Арабта дауыссыз дыбыс табанды, түркіде дауысты дыбыс табанды. «Үндестік заңының» шығатын жаны осыдан. Және араб тілі дауысты дыбысқа сорлы, түрік тілдері бай. Сондықтан түрік тілін дұрыс жазу үшін я араб әліппесін адам танығысыз қылып жаңадан жасау керек, не басқа бір әліппені алу керек» (Шонанұлы, 1926: 4). Байтұрсынұлы әліпбиіне дейінгі араб жазуының қазақ, түркі тілдерінің дамуына тигізген зардабы туралы терең зерттеу жоқ. Ал қазақ, қырғыз сияқты әдеби тілі ауызша дамыған тілдер, өзгелерге қарағанда, көбірек аман болуға тиіс деген жорамал ғана айтамыз. Әліпби әріптерінің үйренуге оңай, оқу-жазуға жеңіл, баспаға жылдам болуының денсаулыққа пайдалы екенін айтады. Мұны әліпбидің биологиялық тіршілікпен арақатынасы мәселесі деуге де болады.

«Қазақстанда латын әліпбиі жұмысының жүрісі» (Шонанұлы, 1927: 3) мақаласында латын әліпбиіне көшу үдерісінің жай-күйі және алдағы жоспарлар туралы баяндалып, «Қазақстан Орталық әліпби комитеті» мен «Қазақстан мемлекет баспасы» екеуара жасасқан келісімшарты туралы ақпараттар беріледі. Келісімшартта: бірінші, «1927 жылдың 1-қазанына дейін 30 орындық,

6 айлық жаңа әліпби бойынша әріп терушілер курсын ашып, мәтін терушілерді даярлау»; екінші, «әліпби айтысы бойынша «Орталық жаңа әліпби комитетінің» 2 маңызды кітабын басып шығару» (Шонанұлы, 1927: 3), – міндеттері көзделген. «Жаңа әліппе комитетінің жаңа шыққан кітаптары», (Шонанұлы, 1928: 2) мақаласында осы келісімшарт міндеті бойынша 1927 жылы Қызылордада шыққан «Әліппе айтысы» мен «Жаңа әліппе жолында» кітаптары таныстырылып, оған енген мақалалар мен авторлар туралы ақпарат беріледі. Бұл кітаптар сол кезеңде де әліпби айтысының дәйектері мен деректерін тану үшін аса қажет болған, қазір де сұранысқа ие.

Әліпби туралы мақалалардың бір бөлігінде латын әліпбиіне көшу тетіктері, ғылыми негіздері сөз болады, енді бір бөлігі «Төте жазудың» кемшіліктерін көрсету, қолдануға жарамсыздығын, латын әліпбиінен әлдеқайда тиімсіздігін көрсетуге арналған.

Айталық, «Бұл да әліпби жайында» мақаласында (Шонанұлы, 1927: 3) 1924-1925 жылдардағы кезекті рет толықтырылған Байтұрсынұлының «ұлттық кезең» әліпбиі мен 1926 жыл Татарстанның Қазан қаласында қабылдаған Алфаров, Бурнашовтардың жаңа әліпби жобасын (араб таңбаларының сөз шеніне қарай 4 тұрпатты өзгеруін жою мақсатында жасалған) салыстыра келіп, жалпы арабграфикалы әліпбидің тиімсіздігін дәлелдеуге тырысады. Ғалым бұл орайда «Байтұрсынұлы әліпбиін жақтап, мақтап келген қазақ зиялылары бұл күнде оны мақтауды қойды, енді Алфаровтардың жаңа жобасын мақтайды, Байтұрсынұлы әліпбиінен қашқандай, кезі келгенде, бұдан да қашады» деп кекете сынайды. Сондай-ақ мақалада ғалым Байтұрсынұлы әліпбиі, Бурнашов жобасы мен орыс әліпбилерінің баспа жұмысындағы жеңілдігін, тиімділігін түрлі сандармен салыстыра келіп, «араб әліпбидің қай жобасы болса да, баспа жұмысында латын әліпбиінен тиімді емес» деген қорытынды ұсынады.

«Латын әліппесін алуды неге тілейміз?» мақаласында әліпбидің ғылым мен мәдениеттің дамуына тигізер ықпалы сөз болады. Ғалым мақаласын: «Әліппе – мәдениеттің ең мықты құралдарының бірі. Әліппе мен тіл мәселесін шатастырмау керек... Әліппе мәселесі – әсіресе оқытушыларға керек мәселе» (Шонанұлы, 1926: 44), – деп бастайды. Мақалада ғалым тіл мен әліпби екеуін шатастырмау керек деп санайды. Яғни әліпбиді тұтас тілдің өзі емес, тіл дыбыстарының графикалық белгісі ретінде қарастырады, тілдер әртүрлі бола береді, бірақ оның таңбасы біреу-ақ. Шонанұлы әрі қарай араб әліпбиі мен латын әліпбиінің таңбалық артықшылықтарын, төл дыбыстарды толық, дәл таңбалауға сәйкестігін тексере келіп, латын әліпбиінің артықтығын айтады.


Әліпбилерді салыстыра келіп, өңделген араб әліпбиі қаріптерінің қазақ тілі дыбыстарын дәл таңбалауға әлеуетті екенін негіздеген Байтұрсынұлының да мақалалары бар. Біздің ойымызша араб әріптерінің де, латын әріптерінің де артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бұларды қазақ тілі дыбыстарын таңбалауға жеткіліктілігі, дәлдігі жағынан салыстырып қажеті жоқ, бұл әдіспен екі әліпбидің бірінен бірінің артықтығын негіздеу тек жалған тұжырыммен аяқталады. Екі әліпбидің бірінен-бірінің артықтығын заман сұранысына қарай өзге параметрлер арқылы анықтау қажет.

Телжан Шонанұлы аталған мақалада әліпби мен емленің қатысы туралы: «Түрік елдерінің ішінде емле ең дұрыс жолға қойылғаны – қазақ. Емле мен әліппені шатастырмау керек» (Шонанұлы, 1926: 47), – дейді. Әрине, әліпби мен емле – тіл біліміндегі екі ұғым, екі басқа категория. Дегенмен, екеуі бірі-біріне дұрыс жолға түсе алмайды, тілдің функционалдылығына оң әсер ете алмайды. Сондықтан жақсы әліпби жақсы емле жасауға, жақсы емле әліпби таңбаларын жақсартуға негіз болады.

Телжан Шонанұлы латын әліпбиі туралы кейбір маңызды мақалаларды қазақ тіліне аударумен де айналысты. Солардың бірі – профессор Жузенің «Араб әліппесінің тарихы» (Жузе, 1926: 2) атты мақаласы. Мақала араб әліпбиінің жарамсыздығын, латын әліпбиінің артықтығын негіздеу мақсатында жазылған. Сондай-ақ түркі халықтарының араб әліпбиін тастамау себептерін өзіндік тұжырымдармен санамалайды. Одан әрі араб жазуының шығу тарихына ойысып, оның «Көпе жазуынан» емес, «Набатей жазуынан» (сына жазу) шыққанын және қаріптердің графикалық эволюциясы туралы баяндайды.

Қазақстан Жаңа әліпби кіндік комитетінің төрағасы О. Жандосұлы, хатшысы Телжан Шонанұлының атымен «Түпкілікті бекітілген қазақ жаңа әліпбиі» (Жандосұлы, Шонанұлы, 1928:

3) атты шағын аңдатпа мақала бірнеше басылымдарда қатар жарық көреді (Жандосұлы, Шонанұлы, 1928: 65-66). Мақалада Қазақстан Оқу комиссариаты мен Қазақстан Кіндік жаңа әліпби комитеті қазақ-латын әліпбиін түпкілікті бекіткені хабарланып, бас әрпі жоқ, дәйекші жүйелі Байтұрсынұлы емлесімен жазылатын жаңа әліпби таныстырылады (Сурет 1). Сондай-ақ бұл әліпби нұсқасының енді өзгермейтінін, басқа жобалар қабылданбайтынын ескертіп, осы нұсқамен түрлі кітаптар шығарылып, көпшілік тегіс қабылдауы керектігін міндеттейді.



Сурет 1 – 1928 жылы қабылданған латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі
Рисунок 1 – Новый казахский алфавит на латинице, принятый в 1928 году
Figure 1– The new Kazakh alphabet in Latin, adopted in 1928

Телжан Шонанұлының әліпби туралы мақалаларының бір бөлігінде Кеңестік түркі елдеріндегі латын әліпбиіне көшу жұмыстарының барысы баяндалып, қажетті ақпараттар беріледі.

«Мәскеудегі қазақ студенттері латын әліппесі жайында не дейді?» (Шонанұлы, 1926: 4) мақаласында Мәскеуде оқып жүрген қазақ балаларының «латын әліпбиін алу керек» деп жасаған ұйғарымы туралы айтылады. Сондай-ақ олардың латын әліпбиін енгізу тетіктерін көрсеткен өзіндік ойқорытулары туралы баяндайды.

«Түрікте латын әліппесі» (Шонанұлы, 1926: 4) мақаласында Францияның «Тан» (Le Temps) газетінде жарияланған, оны «Жаңа жол» газеті көшіріп басқан Түркияда тұратын тілші Дженсонның мақаласы мазмұндалады. Мақалада айтылған маңызды мәселелер мен ақпараттар төмендегідей:

1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтың 1-түркологиялық құрылтайда латын әліпбиін алу туралы қаулы қабылдағаны, қазіргі таңда Түркияда латын әліпбиіне көшіру мәселесін қарастырып жатқан арнайы комиссия құрылғаны, оған парламент мүшелері де енгені айтады; соған қарамастан, әліпби ауыстыру мәселесінде түрік зиялыларының бірнеше ағымға бөлінгенін баяндайды. Бұл ағымдарға Шонанұлы «ескішілер», «жамаушылар», «жаңа әліппешілер» деп қазақша ат қойып, ұстанған бағыттары, көзқарастары туралы қысқаша баяндайды. Бұл көзқарастардың көпшілігі – әліпби айтысында да айтылған таныс мәселелер. Мақала соңында Түркия билігінің бұл қадамды қолдап отырғаны, жаратылыстану ғылымдары, медицина, банк, ақпараттық салада латын әліпбиін қолдануға пәрмен берілгені туралы айтылған.

Бұл мақаладан, шынында да, латын әліпбиіне көшуге араб әліпбиі мен оның ескіден келе жатқан жазу жүйесіндегі көптеген кемшіліктері де себеп болғанын көбірек аңғаруға болады. Қазақстаннан басқа түркі елдері латын әліпбиіне ауысқанға дейін қолданып келген «қадім жазуы», «Жәдит жазуында» көптеген кемшіліктер болғандықтан, А. Байтұрсынұлы 1911 жылдан бастап оны реформалауға кіріскен. Біз осы тұста латын әліпбиіне де ұрынбай, ескі араб жазуларына да байланып қалмай, түркі, мұсылман халықтары арасында тұңғыш рет ортадан шығар жол тапқан Байтұрсынұлының көрегендігіне тағы бір рет көз жеткіземіз.

«Ұлт республикасында: жаңа әліпби мәселесі» (Шонанұлы, 1927: 2) мақаласында Бакуде өткен Бүкілодақтың 1-түркологиялық құрылтайда, жалпы жаңа латын әліпбиін енгізу мәселесінде араб әліпбиін жақтаған екі республиканың бірі (екіншісі Қазақстан) Татарстан автономиясында латын әліпбиінің қолданысы күн санап кеңейіп, күшейіп келе жатқаны туралы деректер баяндалады. Бұл жолда Татарстан автономиясында «Жаңа әліп қоғамы» құрылып, оның латын

әліпбиін енгізу жолындағы рөлі, атқарған жұмыстары, қаржылық әлеуеті, оның қолдауымен жарық көрген латынграфикалы кітаптардың таралымы және «Жаңа әліп» журналы туралы нақты сандық деректер беріледі.

«Жаңа әліп» қоғамының Татарстан мен Қазақстан аумағынан тыс 91 ұйымы, 5000-нан аса мүшесі бар екенін, ол мүшелердің дені оқытушылар екенін айта келіп, латынграфикалы жаңа татар әліпбиі дайындалғанын, оның осы жылдан бастап Татарстан аумағында барлық мектептер мен техникумдарда оқытылу туралы Оқу комиссариатының қарары шыққанын айтады. Бұл – араб әліпбиін жақтау позициясы күшті республикаларда латын әліпбиінің қалай жанданып келе жатқанын баяндау арқылы, жаңа латын әліпбиінің сөзсіз енетіндігінің және араб әліпбиін жеңетіндігінің дәлелін жария жар салу болатын. Ғалым мақаласының соңында 1926 жылы Қазан қаласында өткен араб әліпбиін жақтаушы түркі зиялыларының құрылтайын сынай келіп (Съезге Қазақстаннан А. Байтұрсынұлы қатысқан), «Жаңа әліпби тым алшаңдап басып барады» деп аяқтайды (Шонанұлы, 1927: 2).

«Орта Азиядағы латын әліпбиі» мақаласында 1927 жылы 28-29 мамыр күндері Өзбекстанның Самарқан қаласында өткен мәжілісте қаралған латын әліпбиі мәселелері баяндалған. Аталған жылдың 1-маусымында Бакуде өтетін Бүкілодақтық жаңа әліпби Кіндік комитетінің толық жиналысында талқыланатын әліпбидің өзекті тақырыптарын пысықтау мақсатында Самарқан кеңесі шақырылған.

Мәжілісті Өзбекстан үкіметі ұйымдастырған, Қазақстаннан өкіл ретінде Н.Төрекүлұлы Телеграм арқылы қатысқан. Мәжілісте Одақ құрамындағы Орта Азия түркі елдерінде қабылданатын жаңа латын әліпбиінің негізгі принциптері талқыланып, 6 негізгі ұстаным анықталады:

- 1) Жаңа латын әліпбиін сингармонизм заңына бағындыру;
- 2) Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиін базалық латын қаріптерінің графикалық тұрпатын, дыбыстық мәнін өзгертпей жасау;
- 3) Бір дыбысқа бір әріп алу;
- 4) Латын әріптеріне түрлі диакритикалық белгі қоспау;
- 5) Түркі елдері әліпбилерінде таңба мен оның дыбыстық мәні бірдей, сәйкес болу;
- 6) Бас әріп алынбау (Шонанұлы, 1927: 3).

Осы ұстанымдар бойынша сараптай келе, Орта Азия елдеріне ортақ төмендегі латын әліпбиін қабылдайды (Сурет 2).

φ = p	a = l
р = r	b = φ
с = s	g = s
т = t	d = d
у = u	e = e
ش قازاقشا (چ) = e	i = ى
ؤ = v	k = ك
ع (بۇۇنانىڭ ۋاسىتىسى) = v	l = ل
دەگەن ماربى =	
ز = z	m = m
ق = q	n = ن
ي = y	π = 3
چ = () z	o = و

Сурет 2 – Самарқан кеңесінде қабылданған Орта Азия елдерінің латын әліпбиі
Рисунок 2 – Латинский алфавит стран Средней Азии, принятый на Самаркандском совете
Figure 2 – Latin alphabet of Central Asian countries adopted at the Samarkand Council

Ал «Латыншылардың толық жиылысы» (Шонанұлы, 1927: 3) мақаласында Самарқан кеңесі

арқылы дайындық жұмыстары жасалып, Бакуде өтуі жоспарланған Бүкілресейлік Жаңа әліпбишілер кіндік комитетінің толық жиылысы 3-7 маусымда өткені, мәжілістің 11 адамнан тұратын президиумы, тексеру комиссиясының мүшелері туралы ақпараттар беріледі. Қазақстаннан мүше ретінде Н.Төреқұлов қатысқаны айтылады.

«Латыншылар білімін арттыратын курс ашылады» (Шонанұлы, 1927: 3) мақаласында Жаңа түрік әліпбиі кіндік комитетінің ұйымдастыруымен Мәскеуде ашылатын латыншылар білімін арттыру курсы туралы хабарлайды. Әрі қарай курстың мақсаты, курсанттарға қойылатын біліктілік талаптары, курстың қаржы көздері, қабылданатын жалпы адам саны (50 адам) туралы айтылады да, Қазақтарға 6 орын, Қаз АКСР құрамындағы қарақалпақтарға 2 орын берілгенін айтады. Бұл орындарға Қызылордадағы Қазақ жаңа әліпби кіндік комитетінен жіберілетін төрт адамның атын атайды. Олардың қатарында Қ.Жұбанұлы (Жұбанов) және Байымбетұлы, Шәкірұлы, Сарыбасұлы, Шораұлы Хамит бар. Ал тағы бір орынға Орал облысы бойынша Ғали Бегәліұлы мен Халел Есенбайұлының біреуін жіберген дұрыс немесе олардай білімі барлар жіберілгені дұрыс деп түйіндейді. Аталған курсқа қатысып келгендер облыстарда, орталықта ашылатын жаңа әліпби курстарына басшылық қылатынын айтады.

XX ғасыр басында латын әліпбиіне көшу қозғалысы Әзербайжанда басталғаны белгілі. Сондықтан Әзербайжандағы латын әліпбиі мәселесі, онда атқарылып жатқан жұмыстар Одақ құрамындағы автономиялы республикалар үшін өте маңызды болды. Тіпті Жаңа әліпби орталық комитеті Әзербайжанда құрылып, оның төрағасы Әзербайжан қайраткері Ағамалыұлы (Səməd Ağamalıoğlu Əliyev) болып сайланады. Телжан Шонанұлы латын әліпбиі мәселесі бойынша жетекші ғалым ретінде Әзербайжандағы латын әліпбиінің енгізілу барысын жіті бақылап отырды.

Ғалым «Әзербайжанда жаңа әліпби мәселесі» (Шонанұлы, 1927: 2) мақаласын: «Жаңа әліппе ұстап жатқан, я ұстағалы отырған түрік елдері Әзербайжан тәжірибесіне үңіліп, зерттеулері керек. Мұнан үш-төрт жыл бұрын біз жаңа әліппені неміс жолымен кіргіземіз деп ойлаушы едік. Тұрмыс бұл күнде екінші тәжірибе, екінші жол көрсетіп отыр. Онымыз – Әзербайжан тәжірибесі», – деп бастайды (Шонанұлы, 1927: 2). Одан әрі Әзербайжан тәжірибесін жан-жақты түсіндіруге басылым бетінде орын аздығы себепті, онымен толық танысу үшін қажет басты кітаптар мен баяндамалар тізімін ұсынады.

Ғалым Әзербайжанның латын әліпбиіне көшу тарихын төмендегідей 3 кезеңге бөледі: «1) Төңкерістен бұрын Паталы Ахундов көтеріп, әңгіме қозғаған заман; 2) 1922 жылы «Жаңа әліпби комитеті» құрылған заман; 3) «Жаңа әліппе мектепте ұсталсын» деп заң шығарылған заман (Шонанұлы, 1927: 2). Мұның ішінде «Жаңа әліпби комитеті» құрылған 2-кезеңнен бастап Әзербайжанда латын әліпбиіне көшу жұмыстарының жүрілген реті, басылған кітаптар мен газет-журналдар саны, таралымындағы динамикалық көрсеткіштер, жаңа әліпби бойынша ашылған сауатсыздар мектебінің саны, одан сауатын ашқандар саны, әр жылдардағы нақты статистика туралы ақпараттар берілген. Бұл арқылы Әзербайжандағы латын әліпбиінің таралу, ену жылдамдығын үлгі ретінде көрсетіп, тәжірибесін қолдануға шақырады.

«Жаңа әліппе қозғалысы» (Шонанұлы, 1928: 2) мақаласы Бүкілодақтық Түркі Жаңа әліпби кіндік комитетінің Ташкентте өткен II пленумы мәжілісінің шешімдерін хабарлауға арналған. Мәжілісте қаралған басты мәселе – Одақ құрамындағы түркі елдерінің жаңа латын әліпбиін біріктіру. Ғалым бұл конференцияның Ташкент қаласында өту себебін: «Өзбекстан Орта Азиядағы діннің тірегі, шадыраның жылы ұясы, қожа-молданың орны, ескі тұрмыс мұрасына дүре тимеген жер деп қараушылық бар», – дейді (Шонанұлы, 1928: 2). I пленум жасаған ортақ түркі әліпбиін Одақ құрамындағы өзге түркі елдері қабылдап, тек Қазақстан мен Әзербайжан қолданбауына байланысты, осы мәжіліс күн тәртібінде қаралып, бұл мәселе оң шешімін табады. Сондай-ақ мәжілісте жаңа латын әліпбиінің емле ережелері, терминдері де қаралып, емле, термин негіздері бір болуы керек деген шешім қабылданады. Ташкенттегі бұл мәжіліс жоғарыда аталған мәселелерді шешу мақсатын көздеумен қатар, жаңа латын әліпбиінің қолданысқа ену аяқ алысының жылдам жүріп жатқаны туралы түрлі деректер айту арқылы, араб әліпбиін жақтаушыларды тұқырту мақсатын көздей ұйымдастырылғаны айтылады.

«Түрікте жаңа әліпби қарқыны» (Шонанұлы, 1928: 2) мақаласында Түркияның Халық ағарту министрлігі барлық мемлекеттік органдар мен мекемелерде, барлық салада 1928 жылғы қазан

айының соңына дейін латын әліпбиімен оқу-жазу үйренуге міндеттеген бұйрығы туралы айтыла келіп, Түркиядағы латын әліпбиіне көшу жұмысының жүзеге асырылу барысы баяндалған. Сондай-ақ бұған Түркияның сол кездегі басшысы Мұстафа Кемалдың (Ататүрік) атсалысқаны, ел аралап, латын әліпбиі бойынша дәріс оқып, емтихан алғаны туралы айтылады.

«Көрші республикаларда жаңа әліпби жайы» (Шонанұлы, 1928: 2) мақаласында Тәжікстанның латын әліпбиіне көшу мәселесі айтылады. Ғалым дерегінше Тәжіктердің латын әліпбиін алу мәселесі 1928 жылы 17-18 қарашада Самарқан қаласында өткен кеңесте қаралған. Кеңеске 50 адам қатысып, бас баяндамашы Қашымұлы: «Бізде латын әліппесін тәжік тіліне қалай үйлестіру мәселесі ғана майданда тұр» (Шонанұлы, 1928: 2), – деп мәлімдейді. Тәжіктер латын әліпбиі жобасын таңдауда «1) Бір дыбысқа бір таңба; 2) Түркі тілдерінің жаңа әліпбиінен алыс кетпеу; 3) Әріптің үлкен түрін алмау; 4) Кірме дыбыстарға бөлек таңба алмау; 5) Латыннегізді әліппені алу» (Шонанұлы, 1928: 2) сияқты бұған дейін өзге түркі халықтарына да ортақ болып келген принциптерді басшылыққа ала отырып, Ортақ Бытырат жобасын мақұлдағаны айтылады және әліпби құрамы беріледі.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Телжан Шонанұлы – XX ғасыр басындағы қазақ лингвистикасының қалыптасу, даму кезеңінде күрделі, өзекті тақырыптармен айналысқан, қазақ ғылыми ойын дамытуға зор үлес қосқан лингвист ғалым. Ол қазақ-латын әліпбиінің ғылыми негізін, концепциясын дайындап, оны жүзеге асыруға айрықша еңбек етті және қазақтың латынграфикалы жазу мәдениетінің қалыптасуында ерекше рөл атқарды.

XX ғасыр басындағы «Байтұрсынұлы әліпбиі» мен «латын әліпбиінің» бәсекелестігі – қазақ лингвистикасының дамуы деңгейі тудырған түйткілдердің көрінісі, сондай-ақ озық ойлы қазақ интеллигенциясының ғылыми деңгейі мен олардың қазақ қоғамын одан сайын жылдам дамытуға деген жанкешті ниетінің тілдегі көрінісі. Телжан Шонанұлы латын әліпбиі кезеңіндегі күрделі лингвистикалық түйткілдерді шешуде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасында ашқан ғылыми тұжырымдарына сүйенді және оны дамытты. Сондықтан ғалымның Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі деп танылуы – негізді.

1928-1939 жылдар аралығында қазақ жазуының латын әліпбиіне көшірілуі тек саяси күштеу, алдап-арбау нәтижесі ғана емес, мұның ғылыми-лингвистикалық негіздемелері де бар. Яғни оның жүзеге асуына қазақ тілін, қазақ ғылымын дамытуға шын ниетті, прогрессившіл бір топ қазақ ғалымдары ерікті түрде бастамашы болды. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы ескі қазақ жазуын (қадімше, жәдитше) реформалап, ауызша дамыған қазақ тілінің табиғатына жазуды ыңғайлап үлгергенімен, өзге түркі халықтары ескіліктен шыға алмай, көне араб-парсы жазу жүйесінің қиындықтарына тап болды. Ауызша сөйлеуден жазбаша тілдесудің маңызы артқан, нақтылық пен дәлдікке аяқ басқан XX ғасыр басында қадім, жәдит жазу дәстүрі заман талабына ілесе алмады, тіл дамуы мен адамдар арасындағы коммуникация саласы болуына кедергі болды. Латын әліпбиіне көшу бастамасына жазудағы осындай түйткілдер себеп болды. Дегенмен, саяси жүйе мұны өз мүддесіне, түркі халықтарын тарихи негізінен, рухани тінінен ажырату үшін тиімді пайдаланып кетті. Осыған орай XX ғасыр басында латын әліпбиіне көшуді жақтаған және жүзеге асырған Телжан Шонанұлы, Нәзір Төреқұлұлы сияқты Алаштың шын зиялыларын ұлт мүддесі жолынан айныған тұлғалар ретінде бағалауға болмайды.

Біздің ойымызша, XX ғасыр басында қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуі нысана, мақсат, ниет тұрғысынан дұрыс болды, бірақ дәуір мен уақыт кеңістігінде, тілдік жағдаят пен саяси құрсау шеңберінде дұрыс болмады. Нақтырақ айтқанда, қазақ ғалымдарының қазақ тілі мен ғылымын дамыту жолындағы мақсаты, ниеті дұрыс. Бірақ бұл қадам Кеңес Одағының саяси құрсауында рухани негізден, діннен алыстауға себеп болды. Байтұрсынұлы әліпбиімен сауаты енді ғана ашылып келе жатқан қазақ халқында сауатсыздардың санын көбейтіп, қалыптаса бастаған қазақ ұлттық ғылымның дамуын тоқырауға ұшыратты, сол арқылы халықтың оянуын баяулатты, қазақтың ұлттық арқауын (иммунитет) босатты.

Әдебиеттер

Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, жазу, емле туралы еңбектері: оқу құралы / Ғылыми түсініктемесін жазып,

құрастырған Е.Маралбек. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 584 б.

Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 300 б.

Елдес Омарұлы шығармалары. 1-2 т. / Түсініктемесін жазып құрастырушы – Е.Маралбек. – Алматы: – «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018.

Жандосұлы О., Шонанұлы Т. «Түпкілікті бекітілген қазақ жаңа әліппесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928. – №86 (1113). – 3 б.

Жандосұлы О., Шонанұлы Т. «Түпкілікті бекітілген қазақ жаңа әліппесі» // «Жаңа мектеп» журналы, 1928. – №9-10. – Б. 65-66.

Жузе П.К. «Араб әліппесінің тарихы» / қазақшаға аударған – Телжан // «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. – №572. – 2 б.

Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2013. – 242 б.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі (ҚБТС). – Орынбор: Қазмембас, 1924. – 121 б.

Мектеп-тегі А. Телжан Шонанұлы – әмбебап ғалым // «Ана тілі» газеті, 2017, 23 ақпан. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41299>

Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 527 б.

Шонанұлы Т. «Латын әліппесін алуды неге тілейміз?» // «Жаңа мектеп» журналы, 1926. – №9-10. – Б. 44-48.

Шонанұлы Т. «Латын әліппесі туралы» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. – №84(521). – 4 б.

Шонанұлы Т. «Ескі әліппе, жаңа әліппе мәселесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. – №87(524). – 4 б.

Шонанұлы Т. «Түрікте латын әліппесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. – №97(534). – 4 б.

Шонанұлы Т. «Жаңа әліппе мен ескі әліппе жайында» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. – №155(602). – 4 б.

Шонанұлы Т. «Мәскеудегі қазақ студенттері латын әліппесі жайында не деген?» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1926. – №532. – 4 б.

Шонанұлы Т. «Әзербайжанда жаңа әліппе мәселесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – № 169(897). – 2 б.

Шонанұлы Т. «Бұл да әліппе жайында» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – №9 (737). – 3 б.

Шонанұлы Т. «Қазақстанда латын әліпбиі жұмысының жүрісі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – №182(910). – 3 б.

Шонанұлы Т. «Латыншылар білімін арттыратын курс ашылады» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – №152(880). – 4 б.

Шонанұлы Т. «Латыншылардың толық жиылысы» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – № 226. – 3 б.

Шонанұлы Т. «Орта Азияда латын әліпбиі» (Самарқан кеңесі) // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – №134(862). – 3 б.

Шонанұлы Т. «Ұлт республикасында: жаңа әліппе мәселесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1927. – № 166(894). – 2 б.

Шонанұлы Т. «Жаңа әліппе қозғалысы» (II Пленум нәтижесі) // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928. – №32(1059). – 2 б.

Шонанұлы Т. «Жаңа әліппе комитетінің жаңа шыққан кітаптары» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928 ж. № 136. – 2 б.

Шонанұлы Т. «Көрші республикаларда жаңа әліппе жайы» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928. – № 150. – 4 б.

Шонанұлы Т. «Түрікте жаңа әліпби қарқыны» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928. – №268(1295). – 3 б.

Шонанұлы Т. «Орыс емлесі мен әліпбиін өзгерту мәселесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1929. – №265(1594). – 2 б.

Шонанұлы Т. «Көрші республикаларда жаңа әліппе жайы» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928. – № 150. – 4 б.

Шонанұлы Т. «Түрікте жаңа әліпби қарқыны» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928. – №268(1295). – 3 б.

Шонанұлы Т. «Орыс емлесі мен әліпбиін өзгерту мәселесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1929. – №265(1594). – 2 б.

Шонанұлы Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015.

Maralbek Ye. Telzhan Shonanuly's scientific approach to the kazakh writing // Tiltany. 2024, №3(95): 96-107. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-96-107>

References

Ahmet Baitursynuly's alipbi, zhazy, emle turaly engbekteri (2023). Qurast.: E. Maralbek. Almaty: JK Asyl, 584 b. [Ahmet Baitursynuly's works on the alphabet, writing, spelling: textbook (2023). Scientific commentary written and compiled by Ye. Maralbek. Almaty: JK Asyl, 584 p.] (in Kazakh)

Amirzhanova, N. (2012) Qazaqstandagy latyn zhazuynyngh tarihi tagylymy. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 300 b. [Amirzhanova, N. (2012) Historical study of Latin script in Kazakhstan. Almaty: State Language Development Institute, 300 p.] (in Kazakh)

Kuderinova, Q.B. (2013) Qazaq zhazuynyngh tarihy men teorijasy. Oqu quraly. Almaty: Eltanym baspasy, 242 b. [Kuderinova, Q.B. (2013) History and theory of Kazakh writing. Educational tool. Almaty: Eltanym Publishing House, 242 p.] (in Kazakh)

Maralbek Ye. (2024) Telzhan Shonanuly's scientific approach to the kazakh writing. Tiltany. №3 (95): 96-107. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-96-107> (in English)

Mektep-tegi A. (2017) Telzhan Shonanuly – ambebaп galym. Ana tili. [Telzhan Shonanuly – a universal scientist. Ana tili.] <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41299> (in Kazakh)

Omaruly, E. (2018) Shygarmalary. 1-2 t. Tusiniktemesin zhazyp qurastyrushy – E. Maralbek. Almaty: Lugat baspasy.

- [Omaruly, Ye. (2018) Works of Yeldes Omaruly. 1-2 t. / Compiler of the commentary - Ye. Maralbek. Almaty: Lugat public fund] (in Kazakh)
- Qazaq bilimpazdarynyng tungysh s`ezi (QBTS). (1925) Orynbor: Kazmembas. 121 b. [First Congress of Kazakh Educationists (KBTS). Orynbor: Kazmembas. 121 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1926) Latyn alippesin aludy nege tileimiz? Engbekshi qazaq gazet, No9-10. B. 44-48. [Shonanuly, T. (1926) Why do we want to learn the Latin alphabet? Enbekshi qazaq newspaper, No. 9-10. P. 44-48] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1926). Latyn alippesi turaly. Engbekshi qazaq gazet, No84 (521). 4 b. [Shonanuly, T. (1926) About the Latin alphabet. Enbekshi Kazakh newspaper, No84 (521). 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1926) Eski alippe, zhanga alippe maselesi. Engbekshi qazaq gazet, No87 (524). 4 b. [Shonanuly, T. (1926) Old Alphabet, New Alphabet Problem. Enbekshi Kazakh newspaper, No87 (524). 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1926) Turikte latyn alippesi. Engbekshi qazaq gazet, No 97(534). 4 b. [Shonanuly, T. (1926) Latin alphabet in Turkey. Enbekshi Kazakh newspaper, No97(534). 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1926) Zhanga alippe men eski alippe zhajynda. Engbekshi qazaq gazet, No155(602). 4 b. [Shonanuly, T. (1926) About the new alphabet and the old alphabet. Enbekshi Kazakh newspaper, 1926. No155(602). 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1926) Maskeudegi qazaq studentteri latyn alippesi zhajynda ne degen? Engbekshi qazaq gazet, No532. 4 b. [Shonanuly, T. (1926) What do Kazakh students in Moscow say about the Latin alphabet? Enbekshi Kazakh newspaper, No.532. 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Azirbaizhanda zhanga alippe maselesi. Engbekshi qazaq gazet, No.169(897). 2 b. [Shonanuly, T. (1927) New alphabet problem in Azerbaijan. Enbekshi Kazakh newspaper, No169(897). 2 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Bul da alippe zhajynda. Engbekshi qazaq gazet, No9(737). 3 b. [Shonanuly, T. (1927) It's also about the alphabet. Enbekshi Kazakh newspaper, 1927. No9(737). 3 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Qazaqstanda latyn alipbii zhumysynyng zhurisi. Engbekshi qazaq gazet, No182(910). 3 b. [Shonanuly, T. (1927) Progress of Latin alphabet work in Kazakhstan. Enbekshi Kazakh newspaper, No182(910). 3 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Latynshylar bilimin arttyratyn kurs ashylady. Engbekshi qazaq gazet, No152(880). 4 b. [Shonanuly, T. (1927) A course to increase the education of Latins will be opened. Enbekshi Kazakh newspaper, No152(880). 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Latynshylardyng tolyq zhiylysy. Engbekshi qazaq gazet, No226. 3 b. [Shonanuly, T. (1927) Complete gathering of Latins. Enbekshi Kazakh newspaper, No.226. 3 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Orta Azijada latyn alipbii (Samarqan kengesi). Engbekshi qazaq gazet, No134(862). 3 b. [Shonanuly, T. (1927) Latin alphabet in Central Asia (Samarkand Council). Enbekshi Kazakh newspaper, No134(862). 3 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1927) Ult respublikasynda: zhanga alippe maselesi. Engbekshi qazaq gazet, No166(894). 2 b. [Shonanuly, T. (1927) In the republic of the nation: the problem of the new alphabet. Enbekshi Kazakh newspaper, No.166(894). 2 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1928) Zhanga alippe qozgalysy (II Plenum natizhesi). Engbekshi qazaq gazet, No32(1059). 2 b. [Shonanuly, T. (1928) New alphabet movement (result of II Plenum). Enbekshi Kazakh newspaper, No32(1059). 2 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1928) Zhanga alippe komitetining zhanga shyqqan kitaptary. Engbekshi qazaq gazet, No136. 2 b. [Shonanuly, T. (1928) Newly published books of the New Alphabet Committee. Enbekshi Kazakh newspaper, No136. 2 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1928) Korshi respublikalarda zhanga alippe zhajy. Engbekshi qazaq gazet, No150. 4 b. [Shonanuly, T. (1928) A place for a new alphabet in the neighboring republics. Enbekshi Kazakh newspaper, No.150. 4 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1928) Turikte zhanga alipbi qarqyny. Engbekshi qazaq gazet, No268(1295). 3 b. [Shonanuly, T. (1928) New alphabet pace in Turkey. Enbekshi Kazakh newspaper, No268(1295). 3 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (1929) Orys emlesi men alipbii ozgertu maselesi. Engbekshi qazaq gazet, No265(1594). 2 b. [Shonanuly, T. (1929) The problem of changing the Russian spelling and alphabet. Enbekshi Kazakh newspaper, No265(1594). 2 p.] (in Kazakh)
- Shonanuly, T. (2015) Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. Almaty. Memlekettik tildi damytu instituty. [Shonanuly, T. (2015) Five-volume collection of works. Almaty: Institute for the Development of the State Language] (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy). Engbekshi qazaq gazet, Astana: Elorda. 527 b. [Syzdyq, R. (2000) Kazakh language guide (spelling, punctuation marks, vocabulary). Astana: Elorda. 527 p.] (in Kazakh)
- Zhandosuly, O., Shonanuly, T. (1928) Tupkilikti bekitilgen qazaq zhanga alippesi. Engbekshi qazaq gazet, No86(1113). 3 p. [Zhandosuly, O., Shonanuly, T. (1928) The new Kazakh alphabet that has been finally approved. Enbekshi Kazakh newspaper, No86(1113). 3 p.] (in Kazakh)
- Zhandosuly, O., Shonanuly, T. (1928). Tupkilikti bekitilgen qazaq zhanga alippesi. Engbekshi qazaq gazet, No9-10. B. 65-66 [Zhandosuly, O., Shonanuly, T. (1928) The new Kazakh alphabet that has been finally approved. Enbekshi Kazakh newspaper, No9-10. P. 65-66] (in Kazakh)
- Zhuze, P.K. (1926) Arab alippesining tarihy. Qazaqshaga audargan – Telzhan. Engbekshi qazaq gazet, No572. 2 b. [Zhuze, P.K. (1926) History of the Arabic alphabet. Translated into Kazakh by Telzhan. Enbekshi Kazakh newspaper, No572. 2 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.12.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.03.2025.

© Маралбек Е., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025